

№30 қазақ орта мектебі



№30 орта мектебі
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымының жылдық есебі
(2023-2024 оқу жылы)

Аға тәлімгер: Жұбатқанова А.

Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын бақылау

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Мектебімізде 10-11 класс оқушыларынан құралған «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы мен 8-9 класс оқушыларынан құралған «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмыс жасайды.

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы:


1. Мектеп Президент- Дарханұлы Алишер
2. "Құқық және тәртіп" фракциясы – Аққали Қайрат
3. "Ақпарат" фракциясы-Жаңабай Аяулым
4. "Спорт" фракциясы-Мукадинов Алихан
5. "Қамқорлық" фракциясы-Мәлік Көркем
6. "Дебат қозғалысы" фракциясы-Жолмырзин Арзат
7. "Мәдениет және өнер" фракциясы – Төлепова Айерин
8. "Экология және еңбек" фракциясы –Кумарғалиева Перизат

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы:


1. Мектеп Ұланбасы – Құрманбай Арсен
2. “Руханият” бағыты – Карагулова Алия
3. “Зерде” бағыты – Рахмет Аянат
4. "Еңбек" бағыты – Әшен Айдана
5. «Экоәлем» бағыты – Нұрланқызы Айша
6. "Жеті жарғы" бағыты – Қуандықова Аянат
7. «Салауат» бағыты – Жәрдемғали Анель
8. «Отан» бағыты – Сәрсенбай Ақбота

2023-2024 оқу жылы бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылды. Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорттық, мәдени, экологиялық, қайырымдылық, патриоттық, құқық, еңбекті негізге алады.

12 қыркүйек 2024 жылы мектебіміздің Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының және Парламент өзін өзі басқару ұйымының мүшелерінің қатысуымен алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Отырыс барысында оқушыларға ұйымның мақсат міндеті, 2023-2024 оқу жылына арналған жасалатын іс-шаралардың жоспары таныстырылды.



2023-2024 оқу жылының алғашқы мектепішілік жиыны өтті. Жиынға мектеп директоры Амитжанова И.Б және «Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ-ның төрағасы Табылғанов Ж.М қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған Республикалық мото кросс чемпионатында волонтер ретінде көмек көрсеткен мектеп ұстаздары мен оқушылары марапатталды.



Қыркүйек айында «Парламен» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткерлерді анықтау үшін хабарландыру айтылды. Хабарландыру барысында жан-жақты, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өзіне сенімді, көшбасшылық қасиеті бар дарынды, пысық оқушыларды өз кандидатурасын ұсынуға шақырылды.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруға қатысу формасы, ол оқушылардың мұғалімдер құрамымен және мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатысуын қарастырады.



Мектептердің оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің негізгі мақсаты: оқушылардың мектептерді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және Мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.






“Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының “Жеті жарғы бағыты” “Қауіпсіз мектеп” акциясы аясында “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы негізінде бастауыш класс білім алушыларына атты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында “Айналайын абайла” бейнеролигі көрсетіліп, жол белгілері таныстырылды. “Қандай белгі?” жасырын белгіні табу қызықты ойыны ұйымдастырылып, іс-шара соңында балаларға жадынама таратылды.



Мектебімізде “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының “Отан” бағыты өкілдері 5-6 класс оқушыларына “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында тақырып аясында бейнеролик көрсетіліп, көрініс тамашаланды. Шара соңында оқушыларға түрлі ситуациядағы сұрақтар қойылып, жауаптары алынды.




Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Туған жерімізді, туған қаламызды, өз білім ордамызды таза ұстау, оны көздің қарашығындай қадірлеу ортақ іс. Осы мақсатта «Жас Ұлан» абалалар мен жасөспірімдер ұйымының «Экоәлем» бағыты белсенділері мектебімізде «Қоршаған ортаны таза ұстайық!» ұранымен үзіліс кезінде мектеп оқушылары мен ұстаздарына эксперимент жасап көрді. Эксперимент нәтижесі бойынша оқушылар да ұстаздарда қоршаған ортаны таза ұстауға бейжай емес екендерін көрсетті. Мұндай эксперименттер әрі қарай да жалғасын табады.



27.09.2023ж 1 қазан - Қарттар күні — бұл аталар мен әжелердің, қадірлі жандардың мерекесі. Бұл — жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алшақ қалмай, үлкендерге құрмет көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Даналықтың алтын кілті — ата-бабаларымыз. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі күнгі ақсақал аталарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізге құрмет көрсету жас ұрпақтың міндеті.

2023 жылдың 27 қыркүйегі күні N30 қазақ орта мектебінің жас ұстаздардан құралған “Жан жылуы” еріктілер клубы, хор және вокал үйірмесінің өнерлі оқушылары N1 әлеуметтік қызмет көрсету орталығында “Қарттарын қадірлеген ел ардақты” атты мерекелік бағдарлама ұсынды. Риза болған ата-әжелер өнерпаздарға баталарын беріп, ақ тілектерін жаудырды.



04.10.2023 жылы мектепшілік “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президентін сайлау рәсімі ұйымдастырылды. Сайлауға түскен үміткерлер:


✓ Дарханулы Алишер 11”А” класс оқушысы

- ✓Асқарқызы Ақнұр 11”Б” класс оқушысы
- ✓Жолмырзин Арзат 10”А” класс оқушысы
- ✓Жаңабай Аяулым 10”Ә” класс оқушысы
- ✓Ақберген Мария 10”Б” класс оқушысы.



17-20.10.2023ж аралығында 1-4 класс оқушылары арасында «Алтын күз» көрме байқауы ұйымдастырылды. Көрмеге күзгі қалдықтардан жасалған бұйымдар қабылданды.

Мақсаты: Балаларға қолдан жасалған көрме арқылы логикалық ойларын дамыту. Керек емес құралдар арқылы балалардың қолдарынан келген көрмелер жасау. Өздерінің жасаған көрмелерін балаларға көрсетіп қызығушылықтарын арттыру. Балалардың көрмеге деген қызығушылығын арттыру.




21.10.2023ж оқушылардың қоңырау кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану үшін мектебімізде “Жас ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының “Зерде” бағыты 5-7 класс оқушыларына үзіліс кезінде көңілді қоңырау ұйымдастырды. Шара барысында оқушыларға Тәуелсіз Қазақстанның тарих жолынан сұрақтар қойылып, жауаптары алынды.



17-20.10.2023ж 25 қазан - Республика күніне орай бастауыш класс оқушылары арасында ұйымдастырылған “Тәуелсіз елім - Қазақстаным” суреттер байқауына тапсырылған жұмыстар. Байқауға оқушыларымыз белсене қатысты. Оқушылар Тәуелсіз елді бала көңілімен, Астананың символына айналған «Бәйтерек»-ті, Алтын адам ескерткішін, Ақорданы, Қазақтың кең байтақ жерін картамен салып, ондағы көптеген ұлттың татулықта, бірлікте өмір сүріп жатқанын бір ғана суретпен жүрекке жеткізе білді. Байқауға қатысқан оқушылардың ішінен үздігі анықталып, мектеп директорының атынан мақтау қағазымен марапатталады.



20.10.2023ж Қалалық оқушылар Сарайында қала мектептерінің білім алушыларына арналған “Детство это - Мы” қалалық фотобайқауы ұйымдастырылды. Сол байқауға екі категория бойынша жұмыстар тапсырылды. Біріншісі 3”В” класс оқушысы Уәли Санжар өз жұмысын ұсынып жүлделі 3 орын иеленді. Екінші категория бойынша 6”В” класс оқушысы Жұмабаева Жұлдыз өз жұмысын ұсынып Қалалық Оқушылар Сарайының алғыс хатымен марапатталады.




оқушысы Жақсығали Әдеміау Күз ханшайымы-2023 жеңімпазы атанды. 6 В класс оқушыларының және класс жетекшісі Нұрмова Құлдыз Батыржановна



Өнгенбай Ақбота
Мамыралиева
1/2 класс оқушысы



-Күзгі сән үлгісі бойынша бақтарын сынады. Сайыс қорытындысы бойынша 7 “Б” класс оқушылары бас жүлдеге ие болды.



25.10.2023ж мектебімізде “Арайлы алтын күз” мерекесі қарсаңында 7-8класс оқушылары арасында “Күзгі жұп-2023” байқауы ұйымдастырылды.

Сайысқа қатысушылар

-Таныстыру

-Өз өнері

-Күзгі сән үлгісі бойынша бақтарын сынады. Сайыс қорытындысы бойынша 10 “а” класс оқушылары бас жүлдеге ие болды.




30.10.2023ж Күз мерекесіне орай мектебімізде бастауыш класс оқушыларының қатысуымен “Алтын күз” күзгі өнімдер мен бұйымдардан жасалған көрме ұйымдастырылды. Мақсаты балаларға қолдан жасалған көрме арқылы логикалық ойларын дамыту. Керек емес құралдар арқылы балалардың қолдарынан келген көрмелер жасау. Өздерінің жасаған көрмелерін балаларға көрсетіп қызығушылықтарын арттыру. Балалардың көрмеге деген қызығушылығын арттыру.



30.10.2023ж Мектебімізде Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына арналған 3 класс оқушылары арасында дәстүрлі өтетін қалалық “Ең үздік математик” зияткерлік байқауының мектепшілік кезеңі ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша Мереке Азамат 3”А” класс оқушысы Юрын, Абишев Досхан 3 “Ә” класс оқушысы ІІ орын, Атахан Айым 3 “А” класс оқушысы ІІ орын, Қадыров Санжар 3 “Ә” класс оқушысы ІІ орын, Асқар Сырғалым 3”А” класс оқушысы ІІІ орын, Женис Нұрғиса 3”А” класс оқушысы ІІІ орын, Жасан Ислам 3”Ә” класс оқушысы ІІІ орын, Бөкенбай Әли 3”Ә” класс оқушысы ІІІ орын, Әбілғазы Алуа 3”Б” класс оқушысы ІІІ орын, Иса Сұлтан 3”В” класс оқушысы ІІІ орын, Ерти Мухаммад 3”Б” класс оқушысы Алғыс хат, Аманжол Нұрай 3”А” класс оқушысы Алғыс хат, Тұрали Ермек 3”Б” класс оқушысы Алғыс хат, Мырзабаев Арман 3”Б” класс оқушысы Алғыс хат, Смаилов Амир 3”В” класс оқушысы Алғыс хат, Нұржігітқызы Кәусар 3”В” класс оқушысы Алғыс хат, Қанатов Бекзат 3”В” класс оқушысы Алғыс хат
✓І орын иегері 3”А” класс оқушысы Мереке Азаматқа қалалық кезеңге жолдама алды!



04.12.2024ж мектебімізде “Парламент” өзін -өзі басқару ұйымының Президенті Дарханұлы Алишердің басшылығымен Парламент фракция басшыларына арналған кезекті отырысы ұйымдастырылды.




04.12.2024 жылы Жас Ұлан” балар мен жасөспірімдер ұйымының “Экоәлем” бағыты ұйымдастырған “Көңілді қоңырау” іс-шарасын ұйымдастырды. Шара барысында ұйым мүшелерінің ойластыруымен оқушылар,а түрлі логикалық сұрақтар қойылып, тапсырмалар орындады. Экологиялық тақырыпқа байланысты қорапшалар жасалып, сұрақ жауаптары тақырыптар бойынша қорапшаларға салынды. Мектеп оқушылары қызығушылықпен қатысты. Мақсаты: қоршаған ортаны ластамау, таза ұстау.



06.11.2023 жылы мектебімізде “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымының Президенті және бөлім басшыларын тағайындау және ант беру салтанатты жиыны ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде”, “Ар-ұят” құндылықтарын білім алушылар бойына сіңірілуіне зор ықпалы бар мектепшілік жиын барысында мектептің ішкі тәртібі, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектеп абыройын асқақтатып, спорт, білім жағынан жоғары жетістікке жеткен білім алушылар марапатталды.




21.10.2023ж 15 қараша Ұлттық валюта - теңге күніне орай “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының “Жеті Жарғы” бағыты мектеп оқушыларына көңілді де қызықты қоңырау ұйымдастырды.



11.12.2023ж мектепшілік Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымы және Парламент өзін өзі басқару ұйымының өкілдері «30 мектеп 1 сөзбен» атты сұрақ-жауап айдарын ұйымдастырды. Іс – шара барысында ұйым мүшелері мектеп ұстаздары мен оқушыларынан мектебімізді бір сөзбен сипаттау тапсырмасын берді. Іс-шараға ұстаздар мен оқушылар қызығушылықпен қатысты. Жұмыс ұйымның инстаграмм желісіне жарияланды.



12.12.2023ж «Парламент» және «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік - тірегім» тақырыбында көрме жасақтады. Көрмеде тәуелсіздік жолында құрбан болған желтоқсаншылар мен сол кезден сыр шертедін тарихи мәліметтердер жазылған қолөнер бұйымдары жинақталды. Көрмені білім алушылар аса қызығушылықпен қарап, мәліметтер жинақтады.



12-16.12.2023жылы Жас Ұлан ұйымының ұйымдастыруымен 7 класс оқушылары арасында “Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік” атты көрініс байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 7а, 7ә, 7б, 7в класс оқушылары белсенді қатысты. Мәнді мағыналы көрініс көрсеткен 7б класс оқушылары 1 орын иеленді. Жас Ұлан ұйымының мақтау қағазымен марапатталады.



15.12.2023 жылы 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері [30school.parliament](https://www.instagram.com/30school.parliament) әлеуметтік желісіне видео-құттықтау жариялады.



15.12.2023 жылы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенді мүшелері 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай бейне құттықтау ұйымдастырды. Видео-құттықтау ұйымның инстаграмм парақшасына жарияланды.



26-27-28.12.2023ж мектебіміздің 5-6, 7-8, 9-11 класс білім алушыларына «Парламент» өзін-өзі басқару және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қйымының ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа – 2024» тақырыбында жаңа жыл кеші өтті. Жаңа жыл кешінің негізгі мақсаты: балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматты жетілдіру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір - біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



9.01.2024ж мектебімізде ер балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ер балалар жиыны өткізілді. Жиынға I кезең 8-9-10-11 класс және II кезең 5-6-7 класс ер балалары, класс жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М. Мукатова, А.Таникулова қатысты. Жиын барысында оқушыларға кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқық бұзушылықтар, буллинг, кибербуллингке жол бермеу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, электронды темекі,

мектепке әкелуге тыйым салынған заттар туралы және құқық бұзушылықтың кез-келген түріне жол берілген кезде оларға қолданылатын шаралар туралы түсіндіріп, ескертті.




22.01.2024ж мектебімізде ер балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ер балалар жиыны өткізілді. Жиынға II кезең 5-6-7 класс ер балалары, класс жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Мукатова қатысты. Жиын барысында оқушыларға кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқық бұзушылықтар, буллинг, кибербуллингке жол бермеу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, электронды темекі, мектепке әкелуге тыйым салынған заттар туралы және құқық бұзушылықтың кез-келген түріне жол берілген кезде оларға қолданылатын шаралар туралы түсіндіріп, ескертті.



22.01.2024ж мектебімізде білім, спорт, өнер саласынан жоғары жетістік көрсетіп, жүлделі орындарға ие болған білім алушылар марапатталды.



Мектебімізде әке мен бала арасындағы жақсы қарым қатынасты нығайту мақсатында «Әкемен өткізген бір күн» тақырыбында онлайн іс-шара ұйымдастырылды. Жұмыстар видео түрінде қабылданып, мәнді, мағыналы шыққан жұмыстар мектеп әлеуметтік желісіне жарияланды. Шараға мектебіміздің барлық білім алушылары мен әкелері қатысты.



26.01.2024 ж күні “ДОСБОЛІКЕ:достық қолын ұсын” акциясы аясында бүгін мектебімізде «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Жарқын жастық-баянды болашақ” атты мектеп түлектерімен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесу барысында түлектерге түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып, қызықты жауаптар алынды.

Сонымен қатар түлектер мектеп оқушыларына мамандық таңдау, оқу орнын таңдау барысындағы кеңестерімен бөлісті. Кеш соңында “Түлек-2023” тілектер ағашына өз қолтаңбаларын қалдырып, жүрекжарды тілектерін арнады.




06.02.2024ж білім алушыларымыздың жан-жақты дамыған жеке тұлға боп қалыптасуында әртүрлі деңгейдегі іс-шараларға, сайыстарға қатысуы да маңызды орын алады. Сондай шараларға қатысып, жүлделі орын алған, алғыс хаттарға ие болған білім алушыларымыз бүгін мектепшілік жиында марапатталды.




06.02.2024ж Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінде “Әр уақыттың өзінің батыры бар” тақырыбында мектептегі жас төтенше жағдай министрлеріне арналған семинар практикум өткізілді. Семинарға мектебіміздің “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі, төтенше жағдай министрі 10”А” класс білім алушысы Аққали Қайрат қатысты.




28.02.2024 ж күні «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы мен «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Экосөмке күні» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында күнделікті сөмке мен рюкзакты алмастыратын экологиялық сөмкемен ұстап келу тапсырмасы берілді. Акцияға мектебіміздің білім алушылары белсенді қатысты.




28.02.2024 ж күні «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы мен «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Мамандықтар күні» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында білім алушылар мектепке өздері қалаған мамандықтың элементтерімен келу керек. Білім алушылар іс-шараға белсенділікпен және қызығушылықпен қатысты.




01.03.2024ж күні 1 наурыз-Алғыс айту күніне орай мектепішілік «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері білім беріп жатырған ұстаздарына және мектеп өмірінде түрлі салада қызмет атқарып жатырған қызметкерлерге еңбектері үшін алғыс айту мақсатында алғыс айту парақшаларын таратты. Бұл шара негізінде білім алушылардың үлкенге алғыс айта білуге, қызметтерін бағалауға бағытталды.



1-наурыз Алғыс айту күні мектебіміздің көпбалалы аналарына ерекше құрмет көрсетілді. “Мың алғыс,Сізге!” тақырыбында өткен мерекелік құттықтау шарасына көп бала тәрбиелеп отырған аналар шақырылып, мектебіміздің өнерпаз білім алушылары мерекелік құттықтауларын арнады. Мектепішілік қамқоршылық кеңесінің атынан гүл шоқтары табысталды. Мектеп директоры И.Амитжанова көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтады. Мерекеге келген көпбалалы аналар ризашылықтарын айтып, жылы лебіздерін білдірді.



«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының 1-наурыз алғыс айту күніне арналған видео-құттықтауы. Құттықтау барысында мектеп ұстаздары мен оқушыларына кімге алғыс айтасыз? деген сұрақтар кою арқылы құттықтау ұйымдастырды.



1-наурыз алғыс айту күніне орай мектепшілік «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенді мүшелері мектеп ұстаздарына, ата-аналарға, достарына алғыс айту мақсатында видео құттықтау ұйымдастырды.




8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде мерекелік құттықтау концерті ұйымдастырылды. Концертке мектепшілік «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының және Жас Ұлан ұйымының өнерлі білім алушылары белсенді қатысты. Мерекелік шараға аналарымыз бен аяулы ұстаздарымыз қатысты.



17.03.2024ж бастап «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде білім алушылар бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ - НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАУДЫҢ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА 17 наурыз- ШАҢЫРАҚ күніне орай “Наурыз- бата” челленджі өткізілді



18.03.2024 ж Наурыз тойын тойлаудың жаңа тұжырымдамасына сәйкес “Ұлттық киім” күніне орай мектебімізде «Парламент» өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Бауырсақтар шеруі” ұйымдастырылды. Ұлттық киімдерін киіп келген мектебіміздің әжелері мен аналары, білім алушыларымыз бауырсақ түрлерін таныстырып, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеді.



16.04.2024ж мектебімізде II кезең білім алушылары үшін мектепшілік жиын ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде”, “Ар-ұят”

құндылықтарын білім алушылар бойына сіңірілуіне зор ықпалы бар мектепшілік ЖИЫН барысында мектептің ішкі тәртібі, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектеп абыройын асқақтатып білім және спорт бойынша жоғары жетістікке жеткен білім алушылар марапатталды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді.



03.04.2024ж мектебімізде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, “Ұлттық мүдде” құндылығын білім алушылар бойына сіңіру мақсатында 7- мамыр Отан қорғаушылар күніне орай Қ.Қайсенов атындағы “Қаһарман” әскери-патриоттық клуб мүшелері арасында дәстүрлі түрде өтетін “Жас ұлан-2024” әскери-саптық байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5-8 класс аралығындағы білім алушылар қатысты.




04.04.2024 ж Мектебіміздің 11 кластардан құралған «Парламент» өзін өзі басқару ұйымының белсенді мүшелері “Өмірдің өзі театр” тақырыбында Біртұтас тәрбие бағдарламасы “Ұлттық мүдде”, “Ар-ұят”, “Талап” құндылықтарына негізделіп өткізілді. Мерекелік шара 11 жыл бойы білім нәрімен сусындатып, құндылықтарға негізделген тәрбие мен тәлім берген ұстаздарына арналған кіші қойылыммен басталды. Ата-ана алдындағы парыз да айтылып, ыстық лебіздерін де білдірді. Мектеп ұстаздары мен ата-аналар, білім алушылар театр атмосферасына еніп, әртүрлі көріністерді тамашалап, әнді бірге шырқап, би де биледі. Шара соңында мектеп директоры И.Амитжанова түлектерге ақ жол, сәттілік тіледі. Ата-аналар да мектеп ұжымына, мектеп ұстаздарына шексіз алғыстарын айтты.



11.04.2024ж мектебімізде [@30_orta_mektep](#) 12- мамыр Аналар мерекесіне арналған “Ана-гүл, ана-жыр, ана өмірдің шырағы” тақырыбында мектебіміздің “Даналық” мектебінің “Мейірім” аналар клубының мүшелері 50жыл, 25 жыл, 10 жыл отасқан Аналарымызбен кездесу кеші өткізілді. Кездесу кешін Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің төрағасы Сергазина Роза Сатымқызы және мектепшілік “Даналық” мектебінің жетекшісі Тилешева Зульфия Ермекбаевна жүргізді. Кездесуге ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшелері:

Бақытжанова Шалқия Ауғанбайқызы, Дадусенко Татьяна Викторовна, Калиева Жұмабике Шамшудинқызы, Савицкая Полина Яковлевна, Акчурина Нурия Асхатовна, Бахтиярова Гүлшат Рахметжанқызы, Калдыбаева Айгүл Үсенбайқызы, Терекова Жанар Утегуловна қатысты. Кешке арнайы шақырылған Қартжановтар әулетінің 50 жылға жуық отанасы атанып, төрт ұл тәрбиелеп өсірген, барлық ұлдары осы мектептен білім алған, көптеген жылдар дәрігерлік қызмет атқарып, осы күні зейнеткерлік демалыста отырған Айкенже Тастанқызы; Базекеновтар әулетінің 25 жылға жуық отанасы атанып, үш бала тәрбиелеп отырған ардақты Ана - Гульнар Алжасарқызы; Төлеуовтер отбасының 10 жылдан астам отасқан отанасы – «Алтын алқа» иегері Мекилова Индира Әскербекқызы бала тәрбиелеудегі ананың рөлі туралы құнды ойларымен бөлісті. Мектебіміздің өнерпаз білім алушылары мен «Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері өз өнерлерін көрсетіп, аналарымыздың алғысына бөленді. Кеш соңында аналарымызға гүл шоқтары мен сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.




14.04.2024ж Ақтөбе қаласы полиция басқармасының және қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №40 жалпы білім беретін орта мектеп ғимаратында №11 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы, 18, 30 жалпы білім беретін орта мектептері және Ф.Оңғарсынова атындағы 41 мектеп-гимназия оқушыларының қатысуымен тәуелсіз еліміздің болашағы үшін жанын қиған Тараз қаласының жол инспекторы, Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасовтың құрметіне орай «Жас жол инспекторы» қозғалысының қалалық слеті өткізілді.

Байқау қорытындысы бойынша бірінші орынға Ф.Оңғарсынова атындағы 41 мектеп-гимназиясы, екінші орынға №30 жалпы білім беретін орта мектебі және үшінші орынға №11 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының оқушылары жүлделі орындарға ие болды.



24.05.2024ж күні 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 2-4 класс үздіктері және білім, спорт, шығарашылық, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жоғары нәтиже көрсеткен білім алушыларды марапаттауға арналған «Жұлдыздар жарқырайды» соңғы қоңырау шарасы өткізілді.



25.05.2024ж мектебімізде 2022-2023 оқу жылынан бастау алған жыл бойына жетістіктерге жеткен білім алушыларымыздың ата-аналарын марапаттау рәсімі биылғы жылы да өз жалғасын тапты. 2023-2024 оқу жылында білім, спорт, өнер, шығармашылық саласынан жеңімпаз атанған білім алушылардың ата-аналары марапатталды. Марапаттау салтанатына мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің мүшелері және Ақтөбе қалалық мәслихатының төрағасы, №16 сайлау округының депутаты, мектебімізге үнемі қамқорлық танытып жүретін ерекше жан Даржанова Анар Нұрлыбекқызы, Республикалық «Время» газетінің тілшісі Майкузова Ақмарал Тлековна, қалалық мәслихат депутаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы және зейнеткер ұстаз облыстық аналар кеңесінің мүшесі, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Бақтыгереева Маржан Әбдіжәмиқызы қатысты.

Салтанатты шарада мектебіміздің 500-ге тарта жеңімпаз білім алушыларымыздың және белсенді білім алушыларымыздың ата-аналарына мектеп директоры И.Амитжанова атынан Алғыс хат табысталды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Ұлттық мүдде”, “Талап”, “Ар-ұят” құндылықтарын сіңіруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының маңызы зор. Жыл бойына біртұтас тәрбие беруде үлкен қолдау білдірген ата-аналарымызға үлкен алғыс айтылды.



2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша «Парламент» өзін өзі басқару ұйымының және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жандануына қосқан үлестері үшін белсенді оқушылар ұйым алғыс хаттарымен марапатталады.



